



БЕКІТІЛГЕН






«М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті» Ке АҚ
Академиялық Кеңестің шешімімен
(Қаттама №_6_ «_17_»_12_2024 ж.)

ОҚУ-ӨНДІРІСТІК БАЗАСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ БАКАЛАВРИАТТА ДУАЛЬДЫ ОҚЫТУДЫ ПАЙДАЛАНУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Тіркеу №45

© «М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті» Ке АҚ интеллектуалды меншігі болып табылады. Қайта басып шығаруға және/немесе одан әрі үшінші тұлғаларға беруге тыйым салынады.

АЛҒЫ СӨЗ

1.ӘЗІРЛЕУШІЛЕР	КжБСО басшысы М.Е.Ержанова	 /КОЛЫ/	02.12.24 ж.
2.ЕНГІЗІЛДІ	Карьера және бизнес серіктестік орталығы		
3.ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ	3 ЖЫЛ		
4. ОРНЫНА ЕНГІЗІЛГЕН	ПСП 11/12.01-2018 Положение о филиале кафедры ТарГУ им. М.Х. Дулати на производстве; Положение об использовании элементов дуального обучения в бакалавриате		
5.ТАРАТУ	Декандарға/директорларға, кафедраларға		
6. БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ	М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің Академиялық кеңесінің шешімі бойынша Хаттама № 6 « 17 » 12 2024ж.		
7.КЕЛІСІЛДІ:	Басқарма мүшесі – Академиялық мәселелер бойынша проректор Л.К. Еркінбаева	 /КОЛЫ/	03.12.24 ж.
	Академиялық жұмыстар бойынша департамент директоры С.К.Алимбаева	 /КОЛЫ/	03.12.24 ж.
	Стратегиялық даму басқармасының басшысы Ж.Дарибаев	 /КОЛЫ/	02.12.24 ж.
	Тіркеу офісінің директоры Б.Мыркалыков	 /КОЛЫ/	02.12.24 ж.
	Заң қызметінің басшысы С.Самбетов	 /КОЛЫ/	02.12.24 ж.
	Жаратылыстану ғылымдары факультетінің деканы Б.Тасуов	 /КОЛЫ/	03.12.24 ж.
	Филология және гуманитарлық ғылымдар факультетінің деканы Г.Б Исабекова	 /КОЛЫ/	02.12.24 ж.
	Экономика және құқық факультетінің деканы К.А.Ернишев	 /КОЛЫ/	03.12.24 ж.
	Педагогикалық және әлеуметтік ғылымдар факультетінің деканы А.Н Тұрарова	 /КОЛЫ/	03.12.24 ж.
	Технологиялық факультет деканы М.Ш.Шардарбек	 /КОЛЫ/	03.12.24 ж.
	Дене шынықтыру және алғашқы әскери дайындық факультетінің деканы м.а. М.К.Нурпеисов	 /КОЛЫ/	03.12.24 ж.

Осы құжат «М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті» КЕАҚ Басқарма Төрағасы- ректорының рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшірілмейді, көбейтілмейді және таратылмайды.

МАЗМҰНЫ

1. Тағайындау және қолдану саласы	4
2. Нормативтік сілтемелер	4
3. Негізгі терминдер, қысқартулар және белгілеулер	4
4. Жауапкершілік және өкілеттіктер	5
5. Жалпы ережелер	6
6. Дуальды оқыту бойынша жалпы ережелер	7
7. Оқу өндірістік базаның миссиясы, қызметі, мақсаты және негізгі міндеттері	8
8. Оқу өндірістік базасының құрылымы	9
9. Оқу өндірістік базасының функциялар	9
10. Құқық	10
11. Жауапкершілік	11
12. Оқу-өндірістік базасының университеттің басқа бөлімдерімен қарым-қатынасы	11
13. Дуальды оқыту кезіндегі тараптардың өкілеттіктері мен міндеттері	11
14. Білім алушының құқығы мен міндеттері	13
15. Тәуекелдерді басқару	15
Қосымша А Танысу парағы	17

1. ТАҒАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1.1. Кафедраның өндірістегі оқу-өндірістік базасы жоғары оқу орындары мен халық шаруашылығының түрлі салалары, оқу орындары арасындағы ынтымақтастықтың маңызды нысаны болып табылады және білікті мамандарды даярлау сапасын арттыру, мамандардың практикалық бағытын күшейту, дуалды оқыту элементтерін енгізу, бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізу және ғылыми зерттеулердің нәтижелерін өндіріске енгізу арқылы оқу үдерісін күшейту мақсатында құрылады.

2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

2.1 Осы Ереже төменде көрсетілген негіздемелерге сүйене отырып әзірленді:

ҚР Заңы	«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Қазақстан Республикасының Заңы (01.09.2024 берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)
Қағида	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 50 (29.05.2024 ж. өзгерістер мен толықтырулармен) бекітілген Дуалды оқытуды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы.
Қағида	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген (24.06.2024 берілген өзгерістер мен толықтырулармен)
Қағида	«Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығы (29.04.2024 өзгерістер енгізілген).
Қағида	Білім беру ұйымдарында оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидалары. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2007 жылғы 29 қарашадағы № 583 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 8 маусымдағы № 263 бұйрығымен өзгерістер енгізілген)
Біліктілік талаптары	Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестігін растайтын құжаттар тізбесі. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2024 жылғы 5 қаңтардағы № 4 бұйрығымен бекітілген.
Академиялық саясат	Академиялық саясат – оқу процесін ұйымдастырудың тиімділігін арттыруға, білім беру сапасын арттыруға, студенттердің тұлғалық дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасауға көмектесетін ережелер мен рәсімдердің тізбесі (КЕ АҚ «М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті» Ғылыми кеңесінің 27.12.2023 ж. № 7 хаттама шешімімен бекітілген.

3. НЕГІЗГІ ТЕРМИНДЕР, ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН БЕЛГІЛЕУЛЕР

3.1 Негізгі терминдер

Осы Ережеде төмендегі негізгі ұғымдар мен анықтамалар пайдаланылады:

Оқу-өндірістік базасы кафедраның оқу-өндірістік базасы кафедраның оқу-ғылыми

Оқу-әдістемелік жұмыс	құрылымдық бөлімшесі болып табылады және оқу-әдістемелік және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізеді.
Практикаға бағытталған оқыту	университеттегі оқу-әдістемелік жұмыс – оның оқытушылары мен қызметкерлерінің жоспарлы қызметі, ол оқу процесінің қолданыстағы, сондай-ақ ұйымдастырудың жаңа принциптерін, формалары мен әдістерін әзірлеу және енгізуді жетілдіру мақсатына бағытталған.
Дуалды оқыту	нақты практикалық тапсырмаларды орындау арқылы студенттердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мақсатында білім алушылардың білім беру бағдарламасын меңгеру процесі.
Дуалды оқытудың элементтері	білім беру ұйымында оқытуды кәсіпорындағы (ұйымдағы) өндірістік оқытудың және кәсіптік практиканың міндетті кезеңдерімен, кәсіпорынның (ұйымның), оқу орны және студенттің бірдей жауапкершілігімен студенттерді жұмыс орындарымен және өтемақылық төлемдермен қамтамасыз етумен біріктіретін кадрларды даярлау нысаны;
Білім беру бағдарламасы	студенттерде болашақ кәсіби іс-әрекеті үшін маңызды тұлғалық қасиеттерді, сондай-ақ таңдаған мамандық бойынша функционалдық міндеттерді сапалы орындауды қамтамасыз ететін білім, біліктілік және дағдыларды қалыптастыруға ықпал етеді.
Тәлімгер	білім берудің мақсаттарын, нәтижелері мен мазмұнын, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруды, оларды жүзеге асырудың жолдары мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалау критерийлерін қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының біртұтас кешені;
Дуалды оқыту туралы келісім-шарты	өндірістің немесе қызмет көрсету саласының технологияларына иелік ететін кәсіпорынның (ұйымның) өндірістік оқыту мен кәсіптік практиканы басқаратын білікті қызметкері;
	білім алушының, өндірістік оқыту мен кәсіптік практиканы өткізу үшін жұмыс орнын қамтамасыз ететін кәсіпорын (ұйым) және оқу орны арасындағы өндірістік оқыту мен кәсіптік практикадан өтудің шарттары мен тәртібін реттейтін жазбаша келісім;

3.2 Қысқартулар мен белгілеулер:

Дулати Университеті	М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті
ҒЗЖ	ҚЕ АҚ
СМЖ	Ғылыми-зерттеу жұмыстары
ҚРҒЖБМ	Сапа менеджмент жүйесі
	Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі
УСТ	Университет стандарты
ҚЕ	Қызмет туралы ереже
АРСБ	Аккредиттеу, рейтинг және сапаны қамтамасыз ету бөлімі
ТО	Тіркеу офисі
КжБСО	Карьера және бизнес серіктестік орталығы
ДО	Дуалды оқыту
ЖОО	Жоғарғы оқыту орны

4. ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІКТЕР

- 4.1 Осы Ереже Дулати университетінің Академиялық кеңесінің шешімімен бекітіледі.
- 4.2 Ережені Карьера және бизнес серіктестігі орталығы енгізеді.
- 4.3 Осы Ереженің "Құжатталған ақпаратты басқару" 01 стандартының талаптарына сәйкес болуына құжатты әзірлеуші жауапты болады.
- 4.4 Осы рәсімді басқаруға жауапты Карьера және бизнес серіктестігі орталығы басшы болып табылады.
- 4.5 Процестің нақты кезеңдерін орындау жөніндегі қызметті ұйымдастыру және үйлестіру, құжаттаманы басқару және түпкілікті нәтижелердің сапасы үшін бөлімше басшылары, сондай-ақ нақты кезеңді орындауға қатысушылар болып табылатын лауазымды тұлғалар жауапты болады.
- 4.6 Кафедралар мен факультеттердегі Ереженің сақталуына және рұқсатсыз көшірілуіне, сондай-ақ қызметтік ақпараттың таратылуына басшылар жауапты болады.
- 4.7 Ережені әзірлеу, ресімдеу, келісу және бекіту, сондай-ақ оған өзгерістер енгізу УСТ-ның 01-тармағына сәйкес жүргізілуге тиіс.
- 4.8 Түпнұсқаны университеттің аккредиттеу, рейтинг және сапаны қамтамасыз ету бөліміне сақтауға беру үшін әзірлеуші жауапты болады.
- 4.9 Осы Ереженің шығарылған жұмыс даналарын Карьера және бизнес серіктестігі орталығы факультеттерге/институттарға таратады. Ереженің таралымына "Dulaty university" баспасының директоры жауапты.
- 4.10 Түпнұсқаларды сақтау жауапкершілігі аккредиттеу, рейтинг және сапаны қамтамасыз ету бөліміне жүктеледі.
- 4.11 Бұл ереже лауазымды тұлғалармен келісілген және «Бекіту парағында» құжатталған.

5. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 5.1 Кафедраның өндірістегі оқу-өндірістік базасы Жоғары мектептің халық шаруашылығының түрлі салаларымен ынтымақтастығының маңызды нысаны болып табылады, білім беру мекемелері білікті мамандарды даярлау сапасын жақсарту, дуалды білім беру элементтерін енгізу арқылы оқу процесінің практикалық бағытын күшейту, бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізу және ҒЗЖ нәтижелерін өндіріске енгізу мақсатында құрылады.
- 5.2 Кафедраның оқу-өндірістік базасы өндірісте университеттің оқу-өндірістік (оқу-көмекші, зертханалық-практикалық) бөлімшесі, оның қызметінің негізгі бағыттары:
- ішкі және сыртқы экономикалық нарыққа қажетті бакалаврларды дайындау және шығару;
 - кафедраның оқу процесін жаңа инновациялық технологияларды қолдана отырып, заманауи технологиялық жабдықтармен қамтамасыз ету.
- 5.3 Кафедраның оқу-өндірістік базасы өз қызметінде Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-ІІІ "Білім туралы" Заңдарын ("Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (01.09.2024 берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)), М. Х. Дулати атындағы "Тараз университеті" ҚЕ АҚ Жарғысын басшылыққа алады.
- 5.4 Кафедраның оқу-өндірістік базасының қызметі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, Дулати университетінің Жарғысы және Ғылыми Кеңесінің нормативтік-құқықтық және өкімдік құжаттарына, оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру саласындағы қолданыстағы нормативтік құжаттарға, сапа менеджменті жүйесінің регламенттейтін құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады, атап айтқанда: осы өндірістегі кафедраның оқу-өндірістік базасы туралы Ереженің, оқу-өндірістік базасын ұйымдастыру туралы Басқарма Төрағасы-ректордың бұйрығының, оқу-өндірістік базасының меңгерушісін

тағайындау туралы бұйрықтың, кафедраның оқу-өндірістік базасына бөлінген оқу жүктемесінің көлемінің, өндірістегі кафедраның оқу-өндірістік базасын ұйымдастыру туралы шарттар; кафедраның оқу-өндірістік базасының жұмыс жоспары, оқу-өндірістік базасының қызметкерлерінің штаттық кестесі және жеке жоспары, сабақ кестесі. Кафедраның оқу-өндірістік базасында қабылданатын барлық шешімдер оқу-өндірістік базаның отырыстарында талқыланады және отырыс хаттамасында, оқу-өндірістік базасының жұмысы туралы жылдық есептерде ресімделеді. Студенттердің сабаққа қатысуын есепке алу журналдарында және оқытушылардың журналдарында ресімделеді.

6 ДУАЛЬДЫ ОҚЫТУ БОЙЫНША ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

6.1 Дулати университетінің білім алушылары үшін дуальды оқыту элементтерін оқу процесіне енгізу жоғары білікті мамандарды даярлауда практикалық дағдыларға оқыту және практикалық біліктілік алу үшін жаңа индустрияландыруды жаңғыртудың маңызды бөлігі болып табылады.

6.2 Оқу үрдісіне дуальды оқытудың элементтерін енгізу теория мен практиканың арасындағы алшақтықты жоюға, маманның тұлға болып қалыптасуына, болашақ маманның жаңа психологиясына, жұмыста білім алуға және дағдыларды игеруге талпынуға үйретеді, өйткені олардың білім сапасы жұмыс орындарында қызметтік міндеттерін орындаумен тікелей байланысты.

6.3 Дуальды оқытудың элементтерін енгізудің негізгі міндеттері:

- студенттердің пәндердің базалық және бейіндік циклдерін оқу кезінде алған теориялық білімдерінің өндірістегі практикалық дағдыларымен байланысын орнату және нығайту;
- кәсіби қызметті табысты жүзеге асыру үшін қажетті кәсіби біліктіліктер мен дағдыларды қалыптастыру, өндіріс технологияларын игеру;
- болашақ маманның кәсіби қасиеттерін игеру мақсатында студенттерді тікелей практикалық қызметке тарту;
- студенттерді өндірістің заманауи жағдайымен, озық кәсіби тәжірибемен таныстыру, кәсіби міндеттерді шешуге көмек көрсету;
- студенттердің кәсіби бейімделуі үшін олардың болашақ БББ мамандарымен өзара қарым-қатынасын ұйымдастыру;
- студенттердің болашақ кәсіби қызметіне шығармашылық, зерттеушілік көзқарасын қалыптастыру, олардың өз еңбегінің нәтижелерін талдау дағдыларын игеру, өз бетінше білім алу қажеттілігін қалыптастыру;
- студенттерді өздерінің болашақ БББ деген сүйіспеншілік пен құрметке тәрбиелеу.

6.4 Дуальды оқыту бойынша оқытудың мазмұны маманның болашақ кәсіби қызметінің барлық аспектілерін қамтуы тиіс.

6.5 Дуальды оқыту бағдарламасы білім алушылардың БББ бойынша жалпы және кәсіптік құзыреттерді меңгеруін және дуальды оқыту бағдарламаларына сәйкес жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары модульдерінің мазмұнын ескере отырып, практикалық тәжірибе алуын қарауға тиіс.

Дуальды оқыту бойынша өндірісте оқу процесін ұйымдастыру

6.6 Дуальды оқыту (бұдан әрі-ДО) бойынша оқу процесін ұйымдастыру және өткізу үшін Дулати университетінің Басқарма Төрағасы- ректорының бұйрығы бойынша Ғылыми кеңестің шешімі және университет пен ұйымдар арасында жасалған ынтымақтастық туралы шарт негізінде кәсіпорындар, ұйымдар, мекемелер базасында кафедралардың оқу-өндірістік базасы құрылады.

6.7 Кафедраның оқу-өндірістік базасы мекеме, ұйым, кәсіпорын базасында жұмыс істейтін және бір немесе бірнеше пәндер бойынша оқу, оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік жұмысты жүзеге асыратын университет кафедрасының оқу-ғылыми бөлімшесі болып табылады.

6.8 Кафедраның оқу-өндірістік базасын құрудың мақсаты ДО элементтерін енгізу болып табылады, ол кадрларды даярлау деңгейін экономика салалары мен жұмыс берушілердің «университет-кәсіпорын» жүйесіндегі қажеттіліктеріне жақындатуды қамтамасыз етеді, оқытудың өндіріспен байланысын нығайтады және БББ бойынша түлектерді жұмысқа орналастыруға ықпал етеді;

6.9 ДО бойынша оқу пәндерінің тізбесі, мерзімдері, ұзақтығы мен мазмұны университеттің оқу-өндірістік базасының және дуалды оқыту сабақтарын өткізу базаларын ұйымдастыру мүмкіндіктерін ескере отырып, БББ жұмыс оқу жоспарларымен және академиялық күнтізбемен айқындалады.

6.10 Кадрларды дайындау бейініне байланысты студенттер оқу кезінде кәсіпорындар, ұйымдар, білім беру мекемелері базаларында:

- өндіріс технологиясын;
- өндірісті басқару мен ұйымдастыру, экономиканы, өнімді бақылау мен стандарттауды, еңбек өнімділігінің тиімділігін арттыру резервтерін анықтау бойынша іс-шараларын;
- жабдықтар, аппаратуралар, есептеу техникасы, бақылау-өлшеу аспаптары мен құралдары, сондай-ақ өндірістік процестерді механикаландыру мен автоматтандыру;
- білім беру мекемелерінің, соттардың, прокуратураның, қаржы-банк жүйесінің, мәдениет мекемелерінің және т. б. жұмысы;
- инженер, агроном, мұғалім, заңгер, экономистердің және тағы да басқа мамандық иелерінің алдыңғы қатардағы озық тәжірибелерін;
- еңбекті қорғау және гигиена, физиология, психология, экология саласында жүргізілетін зерттеулердің нәтижелерін;
- ғылыми-зерттеу, жобалау-конструкторлық, рационализаторлық және өнертапқыштық жұмыстарды ұйымдастыру;
- қауіпсіз және салауатты еңбек жағдайларын жасау және қамтамасыз ету.

6.11 ДО бойынша оқу процесін жүргізу үшін университет келісім шарт негізінде мекемелерді, кәсіпорындарды, ғылыми-зерттеу ұйымдарын, білім беру мекемелері, мектептерді айқындайды.

6.12 Келісім шартта университет университеттің, ұйымның және білім алушының міндеттері айқындалады.

6.13 ДО бойынша оқу процесін жүргізуге Басқарма Төрағасы- ректор, КжБСО басшысы, кафедра және оқу-өндірістік базасының меңгерушілері, жасалған шарттың талаптарына сәйкес мекемелер мен кәсіпорын басшылары жауапты болады;

6.14 ДО бойынша оқу процесіне оқу-әдістемелік басшылықты, оқу жоспарларын орындауды және сабақтарды өткізу сапасын университеттің тиісті кафедралары жүзеге асырады.

6.15 Маман даярлаушы кафедралардың оқытушылары (ЖОО-да кемінде 3 жыл және өндірісте жұмыс істейтін)мен кәсіпорындардың, ұйымдардың, білім беру мекемелерінің тәжірибелі мамандарынан креативті кәсіби ойлауы бар неғұрлым білікті, тәжірибелі мамандарды іріктеу кафедра меңгерушісіне және оқу-өндірістік базасының меңгерушісіне жүктеледі.

7. ОҚУ-ӨНДІРІСТІК БАЗАНЫҢ МИССИЯСЫ, ҚЫЗМЕТІ, МАҚСАТЫ ЖӘНЕ НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ

7.1 Миссия -білім беру қызметтерін жүйелі және сапалы ұсыну; Университет түлектерінің кәсіби біліктері мен дағдыларын қалыптастыруға ықпал ететін пәндердің практикалық бағдарлануын күшейту есебінен функционалдық сауаттылық деңгейін арттыру және кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру.

7.2 Кафедраның оқу-өндірістік базасын құрудың басты мақсаты білікті мамандарды даярлау сапасын арттыру, дуалды білім беру элементтерін енгізу арқылы оқу процесінің практикалық бағытын күшейту, сондай-ақ бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізу және олардың нәтижелерін өндіріске енгізу болып табылады.

7.3 Оқу-өндірістік базасының мақсаты:

- дуалды оқыту элементтерін енгізу арқылы студенттерді практикаға бағытталған оқытуды қамтамасыз ету;

- университет миссиясын жүзеге асыруда практикалық қолдау көрсету;

- ішкі және сыртқы ортада университеттің оқу саясатын жүзеге асыру;

7.4 Негізгі міндеттері:

- оқу сабақтарын өткізу;

- студенттердің өндірістік (диплом алдындағы) практикасын өткізу;

- оқу-өндірістік базасында курстық және дипломдық жұмыстарды (жобаларды) дайындау;

- ғылыми зерттеулер жүргізу;

- түлектерді жұмысқа орналастыру мүмкіндігі;

- білім алушыларға практикадан өту процесінде кәсіби және ұйымдастырушылық жұмыс тәжірибесін алуға көмектесу.

8. ОҚУ ӨНДІРІСТІК БАЗАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

8.1 Оқу-өндірістік база университет пен Ұйым арасындағы келісім-шарт негізінде университеттің Басқарма Төрағасы- ректорының бұйрығымен келісім-шартта белгіленген мерзімге құрылады.

8.2 Оқу-өндірістік база штатын кафедра оқу жүктемесіне және орындалатын жұмыс көлеміне сәйкес қалыптастырады.

8.3. Оқу-өндірістік базасын жауапты тұлға басқарады, оны Басқарма Төрағасы-Ректор кафедраның ұсынысы бойынша штаттық қоса атқару шартымен ұйымның жетекші мамандарының қатарынан немесе кафедраның штаттық қызметкерлерінің қатарынан тағайындайды. Оқу-өндірістік базаның құрамына оқытушылар, ғылыми қызметкерлер, сондай-ақ ұйымның білікті қызметкерлері кіруі мүмкін.

8.4 Оқу-өндірістік базасына жалпы басшылықты және оның қызметіне мерзімді бақылауды кафедра меңгерушісі жүзеге асырады.

8.5 Оқу процесін қамтамасыз ету және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін қажетті кафедраның оқу-өндірістік базасының материалдық-техникалық қажеттілігін ұйым университетпен бірлесіп жасайды және жетілдіреді.

9. ОҚУ-ӨНДІРІСТІК БАЗАСЫНЫҢ ФУНКЦИЯЛАРЫ

9.1 Оқу-өндірістік базада кафедра пәндері бойынша оқу-әдістемелік жұмысты және ұйымның өндірістік қызметі саласындағы ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізеді.

9.2 Оқу жұмысы:

- арнайы пәндер мен мамандандыру пәндері бойынша сабақтар өткізу;

- оқу және өндірістік практикаға, оның ішінде диплом алдындағы практикаға басшылық ету;

- курстық және дипломдық жұмыстарды (жобаларды) басқару және қорғау;
- жоғары курс студенттеріне арнайы пәндер мен мамандандыру пәндері бойынша дәріс оқу үшін кәсіпорынның жетекші мамандарын тарту;

- кафедра оқытушыларының ұйымда тағылымдамадан өтуі.

9.3 Әдістемелік жұмыс:

- пәндер бойынша жұмыс бағдарламаларын дайындауға қатысу;
- өндірістік жағдайларда зертханалық-практикалық сабақтар бойынша әдістемелік нұсқаулар әзірлеу;

- студенттерге ұйымдастырушылық және әдістемелік көмек көрсету;

- университеттің оқу-әдістемелік конференцияларына қатысу.

9.4 Ғылыми жұмыс:

- студенттерді тарта отырып, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу;

- кафедраның ғылыми әзірлемелерінің нәтижелерін өндіріске енгізу;

- ғылыми-практикалық конференцияларға қатысу;

- ұйым қызметкерлері арасында ғылыми білімді насихаттау

9.5 Тәрбие жұмысы:

- студенттерді нақты өндірістік жағдайларға бейімдеу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру;

- студенттердің еңбек ұжымында ұйымдастырушылық және тәрбие жұмысының дағдыларын қалыптастыру;

- кәсіптік бағдар беру жұмысы және кәсіпорын жастары арасында университетте мақсатты оқытуға кандидатураларды іріктеу;

9.6 Оқу-өндірістік базаның оқу-әдістемелік, тәрбие және ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру жөніндегі барлық шешімдерін кафедра меңгерушісі бекітеді және ол карьера және бизнес серіктестік бөлімімен, академиялық жұмыс жөніндегі департаментімен, ғылыми-зерттеу бөлімімен және университеттің тәрбие жұмысы жөніндегі бөлімімен келісіледі.

9.7 Түлектерді жұмысқа орналастыру және олардың мансаптық өсуін қадағалау.

9.8 Кәсіпорын қызметкерлері мен университет оқытушыларының біліктілігін арттыруды ұйымдастыру.

9.9 *Кафедраның өндірістегі оқу-өндірістік базасына жауапты қызметкердің міндеттері:*

- кафедра меңгерушісімен бірге оқу-өндірістік базаның жұмыс жоспарын дайындауға және оны кәсіпорын басшылығымен келісуге қатысады;

- Оқу-өндірістік базана кадрларды іріктеуге және оқу жүктемесін бөлуге қатысады;

- өндірістегі оқу-өндірістік базаның жұмысын ұйымдастырады;

- жеке жоспарлы оқу-әдістемелік, тәрбиелік және ғылыми жұмыстарды орындайды;

- кафедра отырысында атқарылған жұмыстар үшін есеп береді.

9.10 *Кафедраның оқу-өндірістік базасы оқытушысының өндірістегі міндеттері:*

- жеке жоспарлы оқу-әдістемелік және тәрбие жұмыстарын орындайды;

- кафедраның келісімі бойынша жоспарлы ғылыми жұмысты орындайды және ҒЗЖ нәтижелерін өндіріске енгізуді жүзеге асырады.

9.11 *Кафедраның оқу-өндірістік базасының ғылыми қызметкерінің өндірістегі міндеттері:*

- жоспарлы ғылыми жұмыстарды орындайды;

- ҒЗЖ нәтижелерін өндіріске енгізу бойынша жұмысқа қатысады.

9.12 Кафедраның оқу-өндірістік базасының ұжымы міндетті:

- техникалық жабдықты пайдалану ережелерінің орындалуын бақылау және талап ету;

- Университеттің СМЖ талаптарын орындау.

10. ҚҰҚЫҚ

Кафедраның оқу-өндірістік базасының ұжымының құқығы:

10.1 Кезекті жиналыстарда оқу-өндірістік базаның жұмыс істеуі туралы талқылау, ұсыныстар енгізу және шешімдер қабылдау;

10.2 Ғылыми кеңеске оқу-өндірістік база меңгерушісінің өндірістегі өкілеттіктерін алып тастау немесе бекіту туралы мәселені шығару.

11. ЖАУАПКЕРШІЛІК

11.1 Оқу-өндірістік базасының жауапкершілігі кафедра меңгерушісі және оқу-өндірістік базасының басқа қызметкерлерінің жауапкершілігі арқылы жүзеге асырылады. Сонымен бірге, кафедраның оқу-өндірістік базасының әрбір қызметкерінің жауапкершілігі оған жүктелген лауазымдық міндеттерге байланысты қатаң болады.

11.2 Кафедраның оқу-өндірістік базасының меңгерушісі жауапты:

- кафедраның оқу-өндірістік базасында сабақтар өткізу үшін қажетті жағдайлармен қамтамасыз ету;

- білім алушыларға әрбір жұмыс орнында қауіпсіз жұмыс жағдайымен қамтамасыз ету;

- университетке сеніп тапсырылға техниканы ұқыпты ұстау, пайдалану және сақтау;

- кафедраның оқу-өндірістік базасының қызметкерлерінің жұмысын бақылау;

- кәсіпорынның мамандарға деген өндірістік қажеттілігіне сәйкес Дулати университетінің түлектерін жұмысқа орналастыру мүмкіндіктерін қарастыру.

11.3 Кафедраның оқу-өндірістік базасының оқытушылары: лауазымдық нұсқаулықта, ішкі еңбек тәртібі ережелерінде, еңбек шартында, тікелей басшының бұйрығымен және өкімімен көзделген міндеттердің тиісінше орындалуы, шығыс материалдарының сақталуы үшін жауапты болады.

11.4 Кафедраның оқу-өндірістік базасының ғылыми қызметкерлері лауазымдық нұсқаулықта, ішкі тәртіп ережелерінде, еңбек шартында және тікелей басшының бұйрығында көзделген міндеттерді тиісінше орындауға жауапты.

12. ОҚУ-ӨНДІРІСТІК БАЗАСЫНЫҢ УНИВЕРСИТЕТТІҢ БАСҚА БӨЛІМДЕРІМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ

Кафедраның оқу-өндірістік базасы Дулати университетінің барлық құрылымдық бөлімшелерімен қызметтік қарым-қатынас жасайды.

13. ДУАЛЬДЫ ОҚЫТУ КЕЗІНДЕ ТАРАПТАРДЫҢ ӨКІЛЕТТІКТЕРІ МЕН ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

13.1.1 Университет:

- оқу үрдісіне қажетті жағдай жасайды;
- дуальды оқыту элементтерін енгізу бойынша жыл сайын білім беру мекемелерімен, ұйымдармен, кәсіпорындармен келісім шарттар жасасады, кафедраның оқу-өндірістік базасының меңгерушісімен жұмыс оқу жоспарын, ДО бойынша пәндер тізбесін және алдағы күнтізбелік жылға (оқу жылы басталғанға дейін) оқытудың күнтізбелік кестелерін келіседі;
- университеттің Басқарма Төрағасы-ректорының бұйрығына сәйкес өндірістегі кафедраның оқу-өндірістік базасының меңгерушілері ретінде БББ ерекшелігін жақсы білетін профессорлар, доценттер, тәжірибелі оқытушылар мен мамандар қатарынан тағайындалады;

- қажет болған жағдайда ДО бойынша оқитын студенттерді, кәсіпорындарды, білім беру мекемелері мен ұйымдарды оқу-әдістемелік материалдармен қамтамасыз етеді;
- студенттердің сабақтарды ұйымдастыруы мен өткізуіне, ДО бойынша өткізілетін сабақтардың мазмұны мен сапасының сақталуына бақылауды жүзеге асырады;
- қажет болған жағдайда өндіріске жіберілетін студенттерді медициналық тексеруден өткізуді ұйымдастырады.

13.1.2 Кафедра меңгерушісі және оқу-өндірістік базалар меңгерушілері:

- кәсіпорында кафедраның оқу-өндірістік базасының жұмысын ұйымдастырып, жүргізеді; ДО бойынша оқу процесі басталғанға дейін білім алушылармен қажетті даярлауды ұйымдастырады; ДО бойынша оқу жұмыс жоспарымен және сабақ кестесімен таныстырады;
- білім алушыларды өндірістегі еңбек және тұрмыс жағдайларымен таныстырады;
- оқу жоспарына сәйкес білім алушыларға кеңес береді;
- кәсіпорынның, білім беру мекемесінің білім алушыларға қалыпты еңбек және тұрмыс жағдайларын ұйымдастыруын, олармен еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша міндетті нұсқамалардың өткізілуін, білім алушылардың ішкі еңбек тәртібі ережелерін орындауын бақылауды жүзеге асырады;
- кафедра мәжілістерінде атқарылған жұмыстар туралы есеп береді.

13.1.3 Педагогикалық БББ-ң ДО бойынша білім алушыларының оқу процесіне басшылықты профессорлар- оқытушылар құрамы мектеп директорларымен, олардың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарларымен және пән мұғалімдерімен бірлесіп жүзеге асырады.

13.1.4 Университетпен жасалған келісім шарттың талаптарына сәйкес кәсіпорындар, білім беру мекемелері және ұйымдар:

- оқу процесін бекітілген жұмыс оқу жоспарына, екі жақты жасалған келісім шарттарға сәйкес ұйымдастырады және жүргізеді (Дулати университеті-кәсіпорын);
- білім алушыларға ДО бойынша оқу жұмыс жоспарына сәйкес сабақ өткізу орнын ұсынады;
- өндірістік оқу кезеңінде білім алушылардың білім беру, құқықтану, технология, экономика және өндірісті ұйымдастыру мен басқару, еңбекті ғылыми негізде ұйымдастыру, ғылыми-зерттеу және жобалау-конструкторлық жұмыстарды ұйымдастыру және т.б. салалардағы БББ байланысты білім, практикалық дағдылар алуы үшін қажетті жағдайлар жасайды;
- өндірістегі сабақ кестесінің және бекітілген жұмыс жоспарының орындалуын сақтайды;
- білім алушыларға қолда бар әдебиетті, техникалық және басқа да құжаттаманы пайдалануға, сондай-ақ келісім шартта көзделген болса қажетті техниканы (ксерокс машинасын т.б.) пайдалануға мүмкіндік береді;
- курстық және дипломдық жобалар/жұмыстар үшін материалдарды іріктеуге көмек көрсетеді;
- еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі жөнінде міндетті нұсқама өткізеді: кіріспе және жұмыс орнында белгіленген құжаттаманы рәсімдей отырып, қажет болған жағдайда жұмыстың қауіпсіз әдістеріне оқыту жүргізіледі;
- білім алушылардың кәсіпорында(ұйымда), білім беру мекемесінде, белгіленген ішкі еңбек тәртібі ережелерін сақтауын қамтамасыз етеді;
- өндірістік қажеттілік болған жағдайда неғұрлым даярланған білім алушыларды цехта, зертханада, мектепте уақытша жұмысқа, олардың еңбегіне ақы төлей отырып, белгілі бір лауазымдарға қабылдайды;
- өндірістегі оқу процесі кезінде білім алушылармен болған жазатайым оқиғалар үшін толық жауапты болады.

13.1.5 Тәлімгер:

- 1) кәсіпорынның (ұйымның) тікелей басшысының келісімімен өз қамқорлығындағыны қосымша оқыту үшін кәсіпорынның басқа мамандарын қосады;
- 2) білім алушыдан өндірістік қызметке қатысты мәселелер бойынша нұсқауларды орындауды талап етеді;
- 3) басшылыққа білім алушының қалыпты еңбек қызметі үшін қажетті жағдайлар жасау туралы өтініш жасайды;
- 4) тыңдаушыдан ауызша және жазбаша түрде жұмыс есептерін талап етеді;
- 5) жұмыс санатын беру бойынша ұсыныстар енгізеді және білім алушының кәсіби ерекшеліктерін талқылауға қатысады;
- 6) білім алушының өндірістік және қоғамдық қызметіне қатысты мәселелерді талқылауға қатысады, кәсіпорынның (ұйымның) тікелей басшысына оны көтермелеу немесе тәртіптік жаза қолдану туралы ұсыныстар енгізеді;
- 7) білім алушыға өндірістік қызметпен, корпоративтік мәдениетпен танысуға және кейіннен кәсіптік шыңдауға, оны жұмыс орнында бекітуге жәрдемдеседі;
- 8) білім алушының қызметтік міндеттері мен тапсырмаларын сапалы орындаудың практикалық әдістері мен әдістеріне үйретеді;
- 9) кәсіпорынмен (ұйыммен) келісілген жұмыс оқу жоспарларына сәйкес оқытуды қамтамасыз етеді;
- 10) білім алушыға берілген тапсырмалардың орындалуын бақылайды;
- 11) білім алушының жіберген қателіктерін анықтайды және жоюға көмектеседі, бар кемшіліктерді жоюға жәрдемдеседі;
- 12) білім алушының өзінің кәсіптік міндеттерін орындауына жауапты көзқарасын, сондай-ақ жұмыстағы әріптестеріне құрметпен қарауды қалыптастырады;
- 13) жұмысшыларды, олардың еңбегін және еңбек нәтижелерін құрметтеуге, сондай-ақ өз еңбегіне жауапкершілікпен қарауға тәрбиелейді;
- 14) білім алушы туралы кері байланысты қамтамасыз етеді;
- 15) педагогикалық технологиялар саласындағы олардың біліктілік деңгейін арттыруға;
- 16) дуалды оқыту шарты бойынша білім алушының өндірістік оқыту және кәсіптік практика кезеңінде міндеттерін орындауын растайды.

14. БІЛІМ АЛУШЫНЫҢ ҚҰҚЫҒЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

14.1.1 Білім алушы өндірісте оқудан өту кезінде міндетті:

- бекітілген кестеге сәйкес оқу жұмыс жоспарында қарастырылған сабақтарға қатысуға;
- кәсіпорында, ұйымда, білім беру мекемелерінде қолданылатын ішкі еңбек тәртібі ережелеріне бағынуға;
- еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және өндірістік санитария ережелерін оқып, қатаң сақтауға;
- рационализаторлық, өнертапқыштық жұмыстарға және кафедралар мен оқу-өндірістік базалардың тапсырмасы бойынша түрлі жұмыстарға қатысуға.

14.1.2 Білім алушы өндірісте оқудан өту кезінде мынадай құқықтарға ие:

- оқу жұмыс жоспарында қарастырылмаған жұмыстарға қатыспауға;
- бос орын болған жағдайда БББ бейіні бойынша ақы төленетін қызметке қабылдануға.

14.2 ӨНДІРІСТЕГІ ОҚУ ПРОЦЕСІН ӘДІСТЕМЕЛІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

14.2.1 ДО бойынша оқу процесі:

- сабақ кестесіне және білім беру бағдарламалары бойынша бекітілген жұмыс оқу жоспарына сәйкес;

- өндірісте оқу процесін ұйымдастыру және өткізу бойынша ЖОО-ның кәсіпорындармен, ұйымдармен, білім беру мекемелерімен жасасқан келісім шарттарына сәйкес ұйымдастырылады.

14.2.2 ДО бойынша өндірісте оқу процесін ұйымдастыру және өткізу үшін білім беру бағдарламаларының жұмыс оқу жоспарына енгізілетін пәндер тізбесі мамандық бейінін, кәсіпорынның, білім беру мекемесінің, ұйымның сипатын ескере отырып, мамандар даярлайтын кафедраның және өндірістегі оқу-өндірістік базасының отырысында қаралады және бекітіледі.

14.2.3 Өндірісте оқу процесі басталар алдында білім алушыны:

- ДО бойынша өндірісте оқытудың міндеттерімен және мақсатымен;
- оқу процесін ұйымдастыру және өткізу орнымен;
- өндірістік оқу кезінде студентке қойылатын кәсіби талаптармен таныстырады.

14.2.4 Өндірісте өткізілетін пәндер бойынша бақылаудың қорытынды нысаны БББ жұмыс оқу жоспарында көрсетілген.

15. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

Кесте 15.1 – Қажет емес оқиғаны талдау. "Ықтималдық" бағасы

Балл	Сипаттама
1	Аз ықтималдылық (іс жүзінде мүмкін емес)
2	Жеткілікті ықтимал
3	Ықтимал
4	Ықтималдылығы жоғары

Кесте 15.2 –Қажет емес оқиғаны талдау. "Байсалдылықты" бағалау

Балл	Сипаттама
1	Өте төмен (жағымсыз оқиғаның салдары сыртқы тараптарға көрінбейді)
2	Орташа (тұтынушылардың наразылығының жекелеген жағдайлары; салдарын жоюға аз шығындар; университеттің беделіне нұқсан келтірмеу)
3	Жоғары (айыппұлдар, салдарды жою үшін айтарлықтай шығындар. Мүдделі тараптардың наразылығы)
4	Апатты (қызметті тоқтата тұру, беделін жоғалту)

Кесте 15.3 –Тәуекелге жарамдылық шкаласы

Байсалдылық \ Ықтималдылық	1	2	3	4
1	1	2	3	4
2	2	4	6	8
3	3	6	9	12
4	4	8	12	16

Кесте 15.4 –Тәуекелдерді басқару

№	Тәуекел / қажетсіз оқиға	Әрекетке/ процеске әсер ету сипаттамасы	Тәуекелді бағалау			Тәуекелді төмендету жөніндегі іс-шаралар (тәуекелді өңдеу)	Жауапты	Орындау мерзімі	Аяқтау нысаны	Орындалғанға дейінгі туралы белгі	Өңдеуден кейінгі тәуекелді бағалау		
			Қажетсіз оқиғаның ықтималдығы/жиілігі (В)	Қажетсіз оқиғаның ауырлығы/ықтимал немесе нақты салдары (С)	Бағалау (В*С)						Ықтималдық/ (В)	Ауырлық / (С)	Бағалау (В * С)
1	Дуальді білім беру бойынша оқытудан өту	1. Шарт мерзімі аяқталғаннан кейін оқу-өндірістік базаларды қысқарту 2. Қауіпсіздік техникасын бұзуы 3. Оқу-өндірістік базада студенттердің алған практикалық дағдыларының әлсіреуі	1	1	1	1. База кафедраларының пәндері бойынша оқу-әдістемелік жұмысты және ұйымның өндірістік қызметі саласында ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізеді. 2. Филиалдарда практика өтуге дайындық және бақылау	Кафедра меңгерушілері және кафедраның оқу-өндірістік базасына жауапты, Карьера және бизнес серіктестік орталығының басшысы	Бір жылдың көлемінде					

		4. Практикадан өту кезінде қауіпсіздік техникасын сақтамау											
2	Дуальді білім беру бойынша оқытудан өту	1. Шарт мерзімі аяқталғаннан кейін оқу-өндірістік базаларды қысқарту 2. Қауіпсіздік техникасын бұзуы 3. Оқу-өндірістік базада студенттердің алған практикалық дағдыларының әлсіреуі 4. Практикадан өту кезінде қауіпсіздік техникасын сақтамау	1	1	1	1. База кафедра пәндері бойынша оқу-әдістемелік жұмысты және ұйымның өндірістік қызметі саласында ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізеді. 2. Оқу-өндірістік базаларда практика өтуге дайындық және бақылау	Кафедра меңгерушілері және кафедраның оқу-өндірістік базасына жауапты, Карьера және бизнес серіктестік орталығының басшысы	Бір жылдың көлемінде					

А Қосымшасы
ТАНЫСУ ПАРАҒЫ

« » 20 ж.

№ р/с	Қызметі	Т.Е.Ә.	Күні	Қолы
1.				
2.				
3.				
4.				
5.				
6.				
7.				
8.				
9.				
10.				
11.				
12.				
13.				
14.				